**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Ғылым комитетінің №5 мәжілісінің шешімдері**

**Түркістан қаласы** **26.01.2024 ж.**
**Сағат: 15:00**

**Өткен орны:** Сенат залы

**Регламент:** 3-5 минут
**Қатысқандар**:
ҒК төрайымы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары.

**Күн тәртібі:**

1.Кезекті XXXII студенттер мен магистранттардың ғылыми-теориялық конференциясының барысы туралы (*Баяндамашы: Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А. Балтабаева*);

2. Білім алушылардың кезекті XXXII ғылыми-теориялық конференциясы жүлдегерлерінің ғылыми жұмыстарын Республикалық байқаудың II кезеңіне жіберу мәселесі (*Баяндамашы: Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А. Балтабаева*);

3.Соңғы екі жылда бітірген бірақ қорғамаған докторанттары бойынша атқарылған жұмыстарының жарты жылдық есебі (*Баяндамашы: Қорғамаған докторанттары бар факультет декандары (Медицина, Экономика, басқару және құқық, Әлеуметтік-гуманитарлық, Филология, Жаратылыстану, Инженерия және Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

4. Әр түрлі мәселелер.

4.1 Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша жасалатын келісім-шарттар және бұл мәселе бойынша жұмыс процессін атқару туралы ұсыныстарын беру (*Факультет декандары, Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков*);

4.2 УЕ-ХҚТУ-102-2020 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесінің тексеру мерзімінің 2023 жылы аяқталуына байланысты, өзгертулер мен толықтырулар енгізу (*Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков*);

4.3 Зерттеулер бойынша этикалық комиссиясынан өткен жұмыстар туралы ақпарат *(Ғылым департементінің директоры Х.Масадиков).*

4.4 Докторанттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу (*Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

4.5 «Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары (табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы)» (*Рецензенттері*: «Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ, а.ш.ғ.д., профессор Махатов Б.М., профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, б.ғ.д., профессор Жұмабаев У.А., «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті», б.ғ.к., доцент Мұсаев Қ. ҰК1 – 5,97%, ҰК2–1,05%) сериясы 1-томының 3-ші кітабын қарастыру *(«Жаратылыстану» ҒЗИ-ның директоры, профессор Н.К.Аралбай);*

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

**ШЕШІМДЕРІ**:

1.Кезекті XXXII студенттер мен магистранттардың ғылыми-теориялық конференциясының барысы туралы мәлімет назарға алынсын (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А. Балтабаева*);

2. Білім алушылардың кезекті XXXII ғылыми-теориялық конференциясы жүлдегерлерінің ғылыми жұмыстарын Республикалық байқаудың II кезеңіне жіберу мәселесі бойынша факультеттер тарапынан қателіктер бойынша жөндеу жүргізіліп, мәжілістеріңізде талқылансын және Ғылым жөніндегі декан орынбасарлары келесі жолы байқау талаптарымен мұқият танысып, қателіктер жіберілмейтіндей алдын алу жұмыстары жүргізілсін, барлық жұмыс антиплагиат арқылы тексерілсін (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А. Балтабаева*);

3.Соңғы екі жылда бітірген бірақ қорғамаған докторанттары бойынша атқарылған жұмыстарының жарты жылдық есебі назарға алынсын (*Қорғамаған докторанттары бар факультет декандары (Медицина, Экономика, басқару және құқық, Әлеуметтік-гуманитарлық, Филология, Жаратылыстану, Инженерия және Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов)*

4. Әр түрлі мәселелер.

4.1 Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша жасалатын келісім-шарттар және бұл мәселе бойынша жұмыс процессін атқару туралы ұсыныстарына сәйкес:

4.1.1 «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қ.Р. Білім және ғылым министрінің 17.06. 2015 ж. № 391 бұйрығына сәйкес, мерзімі аяқталған, қазіргі таңда қолданыстағы, жаңадан жасалатын келісім-шарттар бойынша міндетті түрде техникалық сипаттамасы, күнтізбелік жоспары, есебі және орындалған жұмыстардың актісімен берілсін (*Факультет декандары*);

4.1.2 Осы келісім шарттармен жұмыс жасауды, жоғарыда аталған бұйрықтардың талаптарын орындауды, олардың орындалуын толықтай бақылау факультеттердің өздеріне және қадағалау Ғылым департаментіне жүктелсін (*Факультет декандары, Ғылым депармементінің директоры Х.Масадиков*);

4.2 УЕ-ХҚТУ-102-2020 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, бекітілсін (*Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков*).

4.3 Зерттеулер бойынша этикалық комиссиясынан өткен жұмыстар туралы ақпарат бойынша факультеттерден Жергілікті этикалық комиссияға өтінім беретін докторант пен магистранттардың өітінімдері алдымен факультеттерде Ғылыми-зерттеу әдістері, академиялық жазба тағы басқа «зерттеу әдістері» пәндері бойынша сабақ беретін ОПҚ-ны қатыстыра отырып, өтінім берушінің ғылыми-зерттеудің әдістемесін талқылап факультет деканының қолымен хаттамамен бірге ұсынылсын (*Ғылым депармементінің директоры Х.Масадиков*).

4.4 Докторанттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бекітуге Сенатқа ұсынылсын (*Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*).

4.5 «Жаратылыстану» ҒЗИ-ның директоры, профессор Н.К.Аралбай дайындаған «Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары (табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы)» (*Рецензенттері*: «Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ, а.ш.ғ.д., профессор Махатов Б.М., профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, б.ғ.д., профессор Жұмабаев У.А., «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті», б.ғ.к., доцент Мұсаев Қ. ҰК1 –5,97%, ҰК2–1,05%) сериясы 1-томының 3-ші кітабы (университет есебінен) баспадан шығаруға Сенатқа ұсынылсын.

**Ғылым комитетінің төрайымы:** **А. Ошибаева**

**Мәжіліс хатшысы:** **Д.Төлегенова**